



ЭКОНОМИКС

Ақша нарығы





Дәрістің жоспары:

1. Ақшаның мәні.
2. Ақшаға сұраныс және ақша ұсынысы. Ақша нарығындағы тепе-теңдік.

Ақшаның мәні

Дәрісіміздің алғашқы сұрағында ақшаның мәні туралы сөз қозғаймыз және оның мазмұны мен мағынасын атқаратын қызметтерін талдау арқылы ашамыз. Қоғамдық шаруашылықтың тарихи қалыптасқан екі нысаны болады. Оның бірі натуралды шаруашылық және екіншісі тауарлы шаруашылық. Осыған сәйкес, айырбастың екі түрі қалыптасты. Натуралды шаруашылық кезінде бартерлік айырбас орын алды. Бартер – тауарлар мен қызметтер арасында ақшасыз тікелей айырбас жасау әдісі. Мұнда нарық субъектілерінің мүдделері екі жақсы сәйкестік арқылы жүзеге асырылады. Екі жақты сәйкестік – тауарлар мен қызметтердің қозғалысын жасау қажетті екі жақты айырбас жасау. Сонда натуралды шаруашылық кезінде адамдар тауарды тауарға немесе қызметті қызметке айырбастайды, яғни, Т-Т' формуласы орындалады. Уақыт өте келе, қоғам дамыған сайын адамдардың қарым-қатынастары күрделене түсті. Экономикалық субъектілер өз мүдделері бойынша бір-бірінен оқшаулана бастап, қоғамдық еңбек бөлінісінің дамуына ықпал жасады. Сөйтіп, натуралды шаруашылықтың орнын тауарлы шаруашылық басады. Тауарлы шаруашылық ақшаның пайда болуына алып келді.

Тауар айналымының өсуі жаңа ақшалардың пайда болуын қажет етті. Сөйтіп тауар өндірісі мен айырбастың дамуы ақшаның да дамуына алып келді. Бастапқыда банкнота шығарушы банктер банкноталарды алтынға айырбастау міндеттемесін өз мойындарына алған. Бұл қағаз ақшаларға деген сенімділікті тудырды және ақша айналымының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Қағаз ақшалар алғаш рет XII ғасырда Қытайда пайда болды.

Монометаллизм жалғыз ғана металл айналым құралы қызметін атқаратын ақша жүйесі болып табылады. Бұл жағдайда сол металлға айырбасталатын басқа металлдардан жасалған монеталар да айналыста жүреді. Монометаллизм айналыстағы қандай металлдың негізгі болып табылуына байланысты күміс монометаллизм («күміс стандарт») және алтын монометаллизм («алтын стандарт») болып бөлінеді. «Алтын стандарт» алтын монометаллизмнің классикалық нышаны болып табылады. Алтын стандарт дегеніміз не?

«Алтын стандарт» – бұл негізгі валютаның рөлін алтын атқаратын, бірақ айналыста оған айырбасталатын ақша белгілері болатын ақша жүйесі. Алтын стандарттың негізгі үш нышаны бар: алтын монеталық, алтын құймалық және алтын девиздік.

Алтын монета стандарты жағдайында қағаз ақшалар белгілі бір көлемде алтыны бар ақшаларға еркін айырбасталады.

Алтын құйма стандарты кезінде ірі сомадағы банкноталар берілген жағдайда ғана құйма түріндегі алтынға айырбасталады (мысалы, Францияда XX ғасырдың 20-шы жылдары 215 мың франкіден кем емес сома 12,7 кг. салмақтағы алтын құймаға сәйкес келді; Англияда 1800 фунт стерлингке 12,4 кг. алтын құйма алуға болатын еді).

Алтын девиз стандарты банкнотаны тікелей алтынға емес, кейіннен алтын құймаларға айырбастайтындай етіп, басқа елдің валютасына айырбастау мүмкіндігін білдіреді.

Аталған алтын стандарт жүйесі бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін әрекет етті. Ал қазіргі кезде елдің алтын резервтері шетелдегі валюта биржаларындағы ұлттық валютаның құнын сақтау үшін керек.

Кез келген дамыған елде бүгінде ақша айналымы купюра, монеталармен ғана емес, банк есебіндегі құралдар арқылы да көрінеді. Оларды қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе олар арқылы қолма-қолсыз төлемді жүзеге асыруға болады.

Қазіргі дамыған тауарлы шаруашылық кезінде ақшалардың экономикалық рөлі арта түсуде. Ақшаның экономикалық мағынасын толық түсіну үшін оның атқаратын қызметтерін, қасиеттерін, оның ұлттық экономика жағдайында қоғамдық өндірістің қозғалысын қамтамасыз ету үшін сұранысы мен ұсынысын білу қажет. Алдымен, ақша ұғымына тоқталамыз. Алайда бұл ұғымға көптеген анықтама беруге болады. Соның негізгі екеуін айтамыз.



Ақша – бүгінгі күні тауарлардың айырбасталуына ғана қызмет көрсететін техникалық құрал ретінде емес, ол жалпылама эквиваленттілік рөлін атқаратын абсолюттік өтімділікке ие ерекше тауар немесе тауарлардың тауары.

Ақша – адамдардың басқа адамдардан тауар мен қызметті сатып алу үшін тұрақты түрде қолданатын экономикадағы активтер жиынтығы. Мұнда қолма-қол ақшалар нақты ақшалар қозғалысын көрсетеді.

Экономистердің айтуынша, ақшалар өзінің бойына сатушылармен тауарға қабылдана алатын өзіндік нысаны бар екенін сипаттайды.

Тауар құнының одан әрі дамуымен байланысты, ақша бүгінгі күні тауарлардың айырбасталуына ғана қызмет көрсететін техникалық құрал ретінде емес, ол жалпылама эквиваленттілік рөлін атқаратын абсолюттік өтімділікке ие ерекше тауар немесе тауарлардың тауары деп саналады. Кез келген тауар өзінің құнын ақшамен көрсете алады. Олай болса, ақшаның экономикалық категория ретіндегі мазмұнын оның атқаратын қызметтерінен көруге болады.

Экономикада ақшаның атқаратын негізгі үш қызметі болады:

1. Ақшаның айырбас құралы ретіндегі қызметі. Айырбас құралы – тұтынушылардың тауарды немесе қызметті сатып алғандары үшін сатушыға беретін немесе төлейтін құралы.

2. Ақшаның құн өлшемі құралы ретіндегі қызметі. Құн өлшемі – тұтынушы үшін белгілі тауардың немесе қызметтің бағалылығын өлшейтін есептеу бірлігі. Мұнда игіліктің бағасы құн өлшемі болып табылады. Мәселен, адамдар дүкен аралап жүргенде әртүрлі тауарлар бағаларын салыстырады және неше түрлі трансакциялар жасайды.

3. Ақшаның қорлану және қор жинау құралы ретіндегі қызметі. Мұнда адамдар ақшаны байлық (құндылық) ретінде санап, «таза қазына» ретінде жинақтайды. Сонда, құндылықтарды сақтау құралы – ақша жинақтау және таза қазына – ақшаның қарапайым қорлануы деген ұғымдар пайда болады. Ақшалар өз иесіне таза байлық немесе қазына ретінде қосымша пайда табудың көзі болуы керек.

Ақшаның ерекше қасиеті бар – ол өтімділігі. Өтімділік дегеніміз не? Өтімділік – қолма-қол ақшалардың материалдық құндылықтарға жылдам айналдырыла алуы немесе нарық субъектілерінің өз байлықтарын және активтерін, яғни материалдық құндылықтарын қолма-қол ақшаларға айналдыру және борышқорлық міндеттемелерін орындай алу қабілеті. Адамдар өз байлықтарын қандай нысанда сақтайтыны жайлы шешім қабылдау кезінде олар әрбір активті оның қорлану немесе қор жинау көзі ретіндегі өтімділігін есептеп шығу керек. Ақша көбіне өтімді актив болуы мүмкін, бірақ құндылықты сақтаудың құралы ретінде онша жақсы емес. Өйткені, баға өскен кезде ақшаның құны төмендеп кетеді. Басқаша айтқанда, тауар мен қызмет көрсету қымбаттаған сайын сіздің қалтаңыздағы теңгеге азырақ тауар сатып аласыз.

Ақшаның екі түрі болады:

1. Тауарлы ақша – айырбастау үшін қолданылатын және кәдімгі тауар ретінде сатылатын-сатып алынатын тауар түрі.

2. Қағаз ақша – мемлекет заңдық тәртіппен бекіткен өзіндік номиналы бар құн белгілері.

Экономикадағы ақшалардың кең мағынадағы сипаттамасы маңызды. Мұнда экономикалық айналымға қызмет көрсететін ақшалар ақша массасына айналады. Ақша массасы – экономикалық айналымдағы ақша жиыны. Ақша массасының құрамы бір-бірінен өтімділік дәрежелері бойынша ерекшеленетін қолма-қол және қолма-қолсыз ақша-қаражаттарынан тұрады және ол экономиканың көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді. Ақша массасы құрамындағы қолма-қол ақшалардың ең көрнекті активтерін валюта деп атайды. Валюта – қоғамда қолда жүретін қағаз не металл монета күйіндегі ақша бірліктері.

Ақша массасы ұлттық экономиканың айналымына қызмет көрсетеді. Сондықтан ақша нарығында ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы қалыптасады.

Бірінші сұрақта ақшаның мәнін осылай талқылап болғаннан кейін, келесі сұраққа көшеміз.



Ақшаға сұраныс және ақша ұсынысы. Ақша нарығындағы тепе-теңдік

Дәрістің екінші сұрағында ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы туралы сөз қозғаймыз. Мұнда ақшаға сұранысты кімдер білдіреді және ақшаның ұсынысын кімдер жасайды? Осы мәселелерге көңіл бөлеміз. Классикалық экономикалық теория ақшаға сұранысты ақшаның сандық теориясы негізінде зерттейді. Бұл теорияның мәні неде?

Ақшаның сандық теориясы – ақша массасына сәйкес баға деңгейінің қалай анықталатынын және ол неге уақыттың өтуімен өзгеріп отыратынын түсіндіретін теория.

Бұл теорияға сәйкес, экономикадағы қол жетімді ақша көлемі ақшаның бағасын анықтайды және ақша массасы ұлғайса, онда баға деңгейінің де өсуіне де жол беріледі деп болжайды. Ақшаның сандық теориясы экономикалық айналымда ақша массасының өзгеріп отыруы тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруіне әкеледі деп айтады. Осыдан, экономикадағы айнымалылар номинал және нақты болып бөлінеді. Осылардың анықтамасын берейік.

Номинал айнымалылар – ақшалай бірлікпен өлшенетін көрсеткіштер.

Нақты айнымалылар – заттай бірлікпен өлшенетін көрсеткіштер.

Мысалы, номинал көрсеткіш ретінде белгілі бір маман иесінің ай сайынғы белгілі бір валюта түрінде (еуро) алып отырған еңбекақысын айтамыз. Ал нақты көрсеткіш сол маман иесінің тапқан номинал табысына сатып ала алатын тауарлары мен қызметтерінің жиынтығы болады.

Макроэкономикалық талдау тұрғысынан нақты ЖІӨ нақты айнымалы болады, себебі ол экономикада өндірілген тауарлар мен қызметтердің нақты көлемін өлшейді және тауарлар мен қызметтердің ағымдағы бағаларына байланысты емес.

Экономикалық көрсеткіштердің номинал және нақты болып бөлінуін классикалық дихотомия деп атайды. Классикалық дихотомия – ақшалай және заттай айнымалылар арасындағы теориялық айырмашылықтар.

Ақшаға сұраныстың классикалық сандық теориясы экономикалық айналымды ақшамен қамтамасыз ету үдерісіндегі өзгерістер нақты айнымалыларға емес, номинал айнымалыларға әсер етеді. Бұл жерде өндіріс көлемі, жұмысбастылық деңгейі, нақты еңбекақы мен нақты пайыз мөлшерлемесі сияқты нақты айнымалылар өзгермейді. Ал нақты айнымалылар үшін осындай ақшалай өзгерістер ретсіздігі ақшаның бейтараптылығы деп аталады. Ақшаға сұраныс дегеніміз не?

Ақшаға сұраныс – жеке адамдар иемденетін ақшаның сатып алушылық қабілеті. Макроэкономикалық талдау тұрғысынан іріленген субъектілер, яғни, үй шаруашылықтары, фирмалар, мемлекет және сыртқы әлем әдетте бір жылда өндірілген жалпы ішкі өнімді қамтамасыз ету үшін ақшаға сұранысты қалыптастырады.

Ақшаға сұранысқа негізінен табыс пен пайыз мөлшерлемесі факторлары әсер етеді. Жеке адамдар күнделікті тіршілікті қамтамасыз ету үшін, яғни неше түрлі мәмілелер жасау үшін қолма-қол ақшаға сұраныс білдіреді. Сонымен қатар, олар ақшаны құндылығы бар актив немесе бағалы мүлік ретінде ұстау үшін оған сұраныс білдіреді. Ақшаны қолында ұстаса, онда ол иесіне пайыз немесе дивиденд түрінде табыс әкелмейді. Ал егер адамдар ақшаны активке айналдырса, онда олар одан пайыз көре алады. Сондықтан пайыз ақша нарығының тепе-теңдігін анықтайтын ақшаның бағасы және оның балама құны болып табылады.

Ақшаға сұраныс табыс деңгейімен анықталса, онда ақшаға транзакциондық сұраныс пайда болады. Ал ақшаға сұраныс пайыз мөлшерлемесімен анықталса, онда ақшаға сұраныстың алыпсатарлық түрі қалыптасады. Ақшаға жалпы сұраныс ақшаға транзакциондық сұраныс пен ақшаға алыпсатарлық сұраныстың қосындысы ретінде анықталады.

Ақша нарығының және ақшаға сұраныстың жағдайын «Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызбасы арқылы түсіндіруге болады. Сызбаға сәйкес, абсцисса осі ақша массасын және ордината осі пайызды, яғни ақшаның құнын көрсетеді. Ақшаға жалпы сұраныс қисығы теріс көлбеулі болады.

Сонымен, ақшаға сұраныс нарықтың іріленген субъектілерін ақшаның балама құнын жоғары ұстап тұруға итермелейді.

Енді ақша ұсынысына келетін болсақ, ақша ұсынысын Орталық банк қалыптастырады.

Ақша ұсынысы – қолма-қол ақшалар мен нарық субъектілерінің талап етілгенге дейінгі депозиттерінің қосындысы.



Орталық банк ақша ұсынысын экономикалық айналымға қызмет көрсететін айналыстағы ақшалар жиыны ретінде пайыз мөлшерлемесіне қарамастан тұрақты күйінде ұстағысы келеді. Сондықтан, жоғарыдағы аталған сызбадан көргеніміздей, ақша ұсынысының қисығы тік сызық түрінде болады. Сол сызда ақшаға сұраныс қисығы мен ақша ұсынысы қисығы қиылысқан кезде ақша нарығында тепе-теңдік орнайтынын көруге болады. Тепе-теңдік нүктесінде ақша массасы мен талап етілетін ақша көлемін теңгеру үшін ақша құны және баға деңгейі түзетіледі.

1930 жылы Джон Кейнс ақша нарығын зерттеуде «өтімділікке артықшылық беру теориясын» ұсынды. Өтімділікке артықшылық беру теориясы – ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысын теңдестіру үшін пайыз мөлшерлемесінің деңгейін реттейтін Кейнс теориясы.

«Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызбасын талдайтын болсақ, мұнда Кейнстің өтімділікке артықшылық беру теориясына байланысты ақша нарығындағы жағдайды реттейтін пайыз мөлшерлемесінің деңгейі экономикаға ұсынылатын ақша мөлшері мен сұранысқа ие болатын ақша мөлшерін тепе-теңдікке келтіру қолданылады. Егер пайыз мөлшерлемесінің деңгейі тепе-теңдік деңгейден жоғары болса, онда адамдардың қолдарындағы ақша мөлшері Орталық банктің ұсынған ақша мөлшерінен аз болады және артық ақша массасы пайыз мөлшерлемесінің деңгейін төмендету бағытына қарай итермелейді және керісінше, егер пайыз мөлшерлемесінің деңгейі тепе-теңдік деңгейден төмен болса, онда адамдардың қолдарында болуы тиіс ақша мөлшері Орталық банктің ұсынған ақша мөлшерінен көп болады және қолдағы ақшаның бұл артық мөлшері пайыз мөлшерлемесінің деңгейін жоғарылату бағытына қарай итермелейді. Осылайша, ақша нарығында сұраныс пен ұсыныс күштері пайыз мөлшерлемесінің деңгейін адамдар қолдарында дәл Орталық банк ұсынатын ақша мөлшерін ұстауға келісетін тепе-теңдік жағдайға алып келеді.

Сонымен қатар, «Экономикс» оқулығының осы мәселе бойынша келтірілген сызбасын қарайтын болсақ, ақша нарығындағы тепе-теңдіктің қалай өзгеретіндігін байқаймыз. Егер Орталық банк ақша жеткізілімдерін көбейтсе, ақша ұсынысы ұлғаяды және ақша ұсынысының қисығы оңға жылжиды. Тепе-теңдік нүктесі өзгереді. Осылайша, ақша массасының ұлғаюы валютаның санын көбейтеді, нәтижесінде баға деңгейінің жоғарылауы әр ақша бірлігінің құнын азайтады.

Түйін

1. Ақшалар – бүгінгі күні тауарлардың айырбасталуына ғана қызмет көрсететін техникалық құрал ретінде емес, ол жалпылама эквиваленттілік рөлін атқаратын абсолюттік өтімділікке ие ерекше тауар немесе тауарлардың тауары. Адамдардың басқа адамдардан тауар мен қызметті сатып алу үшін тұрақты түрде қолданатын экономикадағы активтер жиынтығын сипаттайды.

2. Ақшаның мәнін білу үшін оның атқаратын қызметтерін ажырата алу қажет. Ақшаның атқаратын негізгі үш қызметі бар: айырбас құралы, құн өлшемі құралы және жинақтау құралы. Ақшаның бұл қызметтері адамдардың бүгінгі және болашақтағы тұтыну құндарының баламалылығын анықтайды.

3. Экономикалық айналымды қамтамасыз ету үшін нақты ақша-қаражаттары қажет. Ол ақша жиынын ақша массасы деп атайды. Ақша массасы – экономикалық айналымдағы ақша жиыны. Ақша массасының құрамы бір-бірінен өтімділік дәрежелері бойынша ерекшеленетін қолма-қол және қолма-қолсыз ақша-қаражаттарынан тұрады және ол экономиканың көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді.

4. Өтімділік – ақшаның ерекше қасиеті, ол қандай да бір активтің немесе мүліктің тез арада қолма-қол ақшаға шапшаң түрде айналу қабілеті. Ақшалардың өтімділігі жоғары болса, табыстылығы төмен болады. Бұл қолма-қол ақшаларға қатысты болады. Ал ақшалардың өтімділігі баяуласса, онда ол ақшалардың табыстылығы жоғары. Бұл қолма-қолсыз ақшалардың сипаттамасы.

5. Макроэкономикалық талдауда ақша нарығы және оның тепе-теңдігі қамтамасыз етілу керек. Ақшаға сұраныс – жеке адамдар иемденетін ақшаның сатып алушылық қабілеті. Макроэкономикалық талдау тұрғысынан іріленген субъектілер, яғни, үй шаруашылықтары, фирмалар,



мемлекет және сыртқы әлем әдетте бір жылда өндірілген жалпы ішкі өнімді қамтамасыз ету үшін ақшаға сұранысты қалыптастырады. Ақша ұсынысы – қолма-қол ақшалар мен нарық субъектілерінің талап етілгенге дейінгі депозиттерінің қосындысынан құралатын Орталық банктің реттеу құралы.

Шолу сұрақтары:

1. Ақшаның қазіргі экономикалық мәні неде?
2. Ақшаның атқаратын қызметтері қандай?
3. Инфляция кезінде ақшалар қызметтерін қалай атқарады және олар қалай өзгереді?
4. Ақшаның ерекше қасиеттілігі неде?
5. Ақшаның түрлері бар ма?
6. Номинал және нақты көрсеткіштерге қандай мысал келтіруге болады?
7. Ақшаға сұраныс қалай қалыптасады?
8. Ақша ұсынысын кім реттейді?
9. Ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысын анықтайтын факторлар қандай?
10. Ақша нарығындағы тепе-теңдік дегеніміз не?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 5-тақырып.
2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 8-тарау.
3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 2, глава 5.
4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 11.
5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 8.
6. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 20.
7. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2-изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 7.
8. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд. / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012.-544 с.